

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 1247 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь" мемлекеттік мекемесі одан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпиталь" мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі - Мекеме) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен;

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :
көрсетілген қаулыға 229-қосымшада :

010 "Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету" деген бағдарламада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың кестесінде :

5 - бағанда :

үшінші абзацта :

"576" деген сандар "409" деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпиталь - 167 бірлік ; " ;

төртінші абзацтағы "госпиталін;" деген сөзден кейін "Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпиталін" деген сөздермен толықтырылсын ;

бесінші абзацтағы "госпиталь" деген сөзден кейін ", Отан соғысының мүгедектеріне

арналған орталық клиникалық госпиталь" деген сөздермен толықтырылсын;
7-бағандағы "госпиталь," деген сөзден кейін ", Отан соғысының мүгедектеріне
арналған орталық клиникалық госпиталь;" деген сөздермен толықтырылсын;
3) < * >

Ескерту. 3) тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы
N 214 қаулысымен.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005
қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК